

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

# МАГИСТРАТУРА



Сәтбаев университеті – БСҚА Ұлттық рейтингі бойынша Қазақстандағы № 1 техникалық жоғары оқу орны.



## Сәтбаев университетінде оқудың артықшылықтары:

---



Жұмыстан қол үзбей, аттестаттау мен емтихандар кезіндегі байланыс сағаттарын ескере отырып, Blended Learning форматы бойынша ұйымдастырылатын қашықтықтан білім алу және курстарды оқу мүмкіндігі;



Сіздің компанияңыздың сұранысы бойынша оқу бағдарламасын жаңарту мүмкіндігі;



Тәжірибе мен тағылымдамалар өткізілетін қосымша орындар.

## 2022-2023 оқу жылында Сәтбаев университетіне магистратураға түсуге қойылатын талаптар:

---



Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын (бакалавриат) меңгерген тұлғалар қабылданады;



Магистратураға қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі – «КТ») нәтижелері бойынша жүзеге асырылады;



Шетел азаматтарын магистратураға қабылдау тілдесу нәтижесі бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады;



Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесіне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген);



Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖОО-ның қабылдау комиссиялары Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «ҰТО») арқылы келесі мерзімде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 5 қарашасынан 18 қарашасына дейін;



Магистратураға түсу үшін КТ келесі мерзімде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін;



Магистратураға қабылдау келесі мерзімде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

# Сәтбаев университетіне түсу үшін:

**1** <https://satbayev.hero.study/> сайтына онлайн режимде тіркелу қажет;

**2** Оператор расстағаннан кейін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсыру қажет:

- ✓ Өтініш (бекітілген нысанда);
- ✓ Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
- ✓ Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- ✓ Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- ✓ Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда);
- ✓ 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- ✓ № ҚР ДСМ 175/2000 бұйрығымен бекітілген флюорографиясы бар 075-У нысанындағы медициналық анықтама.



**Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (қолданыстағы сертификат)\*;**

\*Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың бірі бар тұлғалар келесі тілдер бойынша магистратураға түсу үшін КТ тапсырғанда шет тілі бойынша тесттен босатылады:

## Ағылшын тілі:

- ✓ **IELTS** /International English Language Tests System, шекті балл – кемінде 6,0;
- ✓ **TOEFL IBT** (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл – кемінде 60;
- ✓ **TOEFL PBT** (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл – кемінде 498;
- ✓ **Неміс тілі:** Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (NiveauC1/ C1 деңгейі);
- ✓ **Француз тілі:** TFI (Test de Franzais International™) – оқылым және тыңдалым бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен емес, DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzaise) – кемінде 50 балл.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге, оқуға түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстыру үшін, олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық ұсынылуы қажет

КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – «ҚР БҒМ») таңдайтын КТ өткізу пункттерінде ҰТО өткізеді.

**!** КТ нәтижелері бойынша сертификат беріледі.



## Сәтбаев университетіне магистратураға қабылдау:

- Ақылы негізде қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға қабылдау КТ қорытындысы бойынша 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес жүзеге асырылады: кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау арқылы – кемінде 7 балл.

### Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеу үшін бағалаудың 100 - балдық жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырмалар түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Баллдар
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
	бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Қазақ / Орыс	20	40
Жалпы			80	100

- Ғылыми - педагогикалық магистратураға ақылы негізде тұлғаларды қабылдау КТ қорытындысы бойынша 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес жүзеге асырылады: кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, бір дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдаумен – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

### Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын Ғылыми - педагогикалық магистратураға кешенді тестілеу үшін бағалаудың 150 - балдық жүйесінің шкаласы:

Тест түрлері	Тапсырмалар түрі	Тапсыру тілі	Тест саны	Баллдар
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым; Лексика-грамматикалық тест; Оқылым	Ағылшын / Неміс / Француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ / Орыс	30	30
	бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау	Қазақ / Орыс	20	40
Жалпы			130	150